

«Лайт бойынша көлік ұтысы» акциясының шарттары

1. Жалпы ережелер.

1.1. «Лайт бойынша көлік ұтысы» акциясын өткізу шарттары (бұдан әрі — «Шарттар») «ОнлайнКазФинанс МҚҰ» АҚ-тан (бұдан әрі – Ұйымдастырушы) жүлделер ұтысын (бұдан әрі – «Ұтыс ойын») өткізу тәртібі мен шарттарын айқындайды. Акцияны өткізу кезеңі, механика, өткізу аумағы және жүлде қоры осы Шарттарда көрсетілген және Ұйымдастырушы оны Ұйымдастырушының www.solva.kz ресми интернет-ресурсында және/немесе «Solva.kz» мобильді қосымшада және/немесе Instagram әлеуметтік желісіндегі Ұйымдастырушының @solva_app ресми аккаунтында жариялайды.

1.2. Ұтыс ойынының шарттары қабылданған және шарттары орындалған жағдайда жеке тұлға Ұтыс ойынына қатысушы болады және Ұйымдастырушы мен қатысушыға (қатысушыларға) қатысты Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 395-399-баптарының нормалары қолданылады.

Жоғарыда баяндалғанға байланысты Ұйымдастырушы Ережелердің мәтінімен мұқият танысуды ұсынады және Сіз олардың кез келген ережесімен немесе тармағымен келіспеген жағдайда, Ұйымдастырушы Сізге Ұтыс ойынына қатысудан бас тартуды ұсынады.

1.3. Жүлделер: Бас жүлде - «Chery Tiggo 2» маркалы автомобиль немесе Ұтыс ойынының соңғы оныншы кезеңінде ойнатылатын «Chery Tiggo 2» маркалы автомобильдің құнына тең сомадағы ақшалай сыйлық (бірақ 6 990 000 (алты миллион тоғыз жүз тоқсан мың) теңгеден аспайтын) және Ұтыс ойындар кестесіне сәйкес ұтыс ойынының әрбір кезеңі аясында ойнатылатын 50 000 (елу) мың теңгеден 90 ақшалай сыйлық.

1.4. Ұтыс ойынына бір мезгілде келесі шарттарға жауап беретін жеке тұлғалар қатыса алады:

1.4.1. 18 жасқа толған және толық қабілетті;

1.4.2. қазақстан республикасының азаматтары болып табылатындар;

1.4.3. ұтыс ойынына қатысудың тиісті шарттарын орындағандар.

1.5. Ұтыс ойынын өткізу аумағы: Қазақстан Республикасы.

1.6. Ұтыс ойынын өткізу мерзімі:

1.6.1. Ұтыс ойыны кезеңі — 2024 жылғы 1 наурыздан 2024 жылғы 30 маусымды қоса алғанда.

1.6.2. Ұтыс ойындарын өткізу кестесі:

Ұтыс ойыны кезеңінің №	Жаңа қатысушыларды тіркеудің басталу күні	Жаңа қатысушыларды тіркеудің аяқталу күні	Ұтыс ойынын өткізу және нәтижелерін жариялау күні	Жүлде қоры
1.	01.03.2024 ж.	10.03.2024 ж.	11.03.2024 ж.	50 000 (елу мың) теңгеден он жүлде. Бірінші Ұтыс ойынының жалпы жүлде қоры 500 000 (бес жүз мың) теңге
2.	11.03.2024 ж.	24.03.2024 ж.	25.03.2024 ж.	50 000 (елу мың) теңгеден он жүлде. Екінші Ұтыс ойынының жалпы

				жүлде қоры 500 000 (бес жүз мың) теңге
3.	25.03.2024 ж.	07.04.2024 ж.	08.04.2024 ж.	50 000 (елу мың) теңгеден он жүлде. Үшінші Ұтыс ойынының жалпы жүлде қоры 500 000 (бес жүз мың) теңге
4.	08.04.2024 ж.	21.04.2024 ж.	22.04.2024 ж.	50 000 (елу мың) теңгеден он жүлде. Төртінші Ұтыс ойынының жалпы жүлде қоры 500 000 (бес жүз мың) теңге
5.	22.04.2024 ж.	05.05.2024 ж.	06.05.2024 ж.	50 000 (елу мың) теңгеден он жүлде. Бесінші Ұтыс ойынының жалпы жүлде қоры 500 000 (бес жүз мың) теңге
6.	06.05.2024 ж.	19.05.2024 ж.	20.05.2024 ж.	50 000 (елу мың) теңгеден он жүлде. Алтыншы Ұтыс ойынының жалпы жүлде қоры 500 000 (бес жүз мың) теңге
7.	20.05.2024 ж.	02.06.2024 ж.	03.06.2024 ж.	50 000 (елу мың) теңгеден он жүлде. Жетінші Ұтыс ойынының жалпы жүлде қоры 500 000 (бес жүз мың) теңге
8.	03.06.2024 ж.	16.06.2024 ж.	17.06.2024 ж.	50 000 (елу мың) теңгеден он жүлде. Сегізінші Ұтыс ойынының жалпы жүлде қоры 500 000 (бес жүз мың) теңге
9.	17.06.2024 ж.	30.06.2024 ж.	01.07.2024 ж.	50 000 (елу мың) теңгеден он жүлде. Тоғызыншы Ұтыс ойынының жалпы жүлде қоры 500 000 (бес жүз мың) теңге
10.	01.03.2024 ж.	30.06.2024 ж.	01.07.2024 ж.	Бас жүлде-Chery Tiggo 2 маркалы автомобиль немесе Chery Tiggo 2 маркалы автомобиль құны сомасындағы ақшалай сыйлық (бірақ 6 990 000 (алты миллион тоғыз жүз тоқсан мың) теңгеден аспайды

Ұйымдастырушының қарауы бойынша Ұтыс ойынын өткізу кезеңі және нәтижелерді жариялау күні өзгертілуі мүмкін.

2. Ұтыс ойынына қатысу шарттары.

2.1. Ұтыс ойынына Ұйымдастырушыдан 01.03.2024 жылдан 30.06.2024 жылға дейінгі кезеңде Лайт картасына микрокредит алған «Bank RBK» АҚ (бұдан әрі – **Лайт картасы**)

шығарған Visa Virtuon S Light төлем карточкасының ұстаушысы болып табылатын жеке тұлғалар (бұдан әрі – Қатысушылар) қатысады.

2.2. Ұтысқа қатысу мақсатында микрокредит деп түсініледі:

1) жаңа микрокредиттер (Ұйымдастырушының қарыз алушыға Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында және микрокредит беру туралы шартта, Қазақстан Республикасының заңнамасында Ұйымдастырушының ішкі нормативтік құжаттарында айқындалған мөлшерде және алу мақсаттарының бірі жазатайым оқиғадан сақтандыру қызметін сатып алу болып табылатын тәртіппен, ақылылық, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарында берген ақшасы);

2) Қатысушының қолданыстағы микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерінің сомасын ұлғайтатын микрокредиттер (Ұйымдастырушының қарыз алушыға Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында және микрокредит беру туралы шартта, Қазақстан Республикасының заңнамасында Ұйымдастырушының ішкі нормативтік құжаттарында айқындалған мөлшерде және алу мақсаттарының бірі жазатайым оқиғадан сақтандыру қызметін сатып алу болып табылатын тәртіппен, ақылылық, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарында берген ақшасы);

(бұдан әрі – Микрокредит).

2.2. Ұтыс ойынына қатысушылар кез-келген сату арналары арқылы рәсімдеген микрокредиттер қатысады: онлайн (Ұйымдастырушының www.solva.kz ресми интернет-ресурсы және/немесе «Solva.kz» мобильді қосымшасы), офлайн (Ұйымдастырушының дербес нүктелері, серіктестердегі Ұйымдастырушының сату нүктелері).

2.3. Ұтыс ойынының әр кезеңіне Ұтыс ойындарын өткізу кестесіне сәйкес жаңа қатысушыларды тіркеу басталған күннен бастап жаңа қатысушыларды тіркеу аяқталған күнге дейінгі уақыт аралығында Микрокредит алған Қатысушылар ғана қатысады (осы Шарттардың 1.6.2-тармағы). Екі күнді қоса алғанда.

2.4. Бір Қатысушы ақшалай сыйлықтар ұтысында бір рет қана жеңімпаз бола алады.

2.5. Бас жүлде - Chery Tiggo 2 маркалы автомобилі немесе Chery Tiggo 2 маркалы автомобильдің құнына тең сомадағы ақшалай сыйлық (бірақ 6 990 000 (алты миллион тоғыз жүз тоқсан мың) теңгеден аспайтын) 01.03.2024 жылдан бастап 30.06.2024 жылға дейінгі кезеңде Микрокредит алған барлық Қатысушылар арасында, соның ішінде ақшалай сыйлықтар Ұтыс ойындарының жеңімпаздары арасында ойналады.

2.6. Ұтыс ойынын өткізу және нәтижелері жариялау сәтінде Микрокредит қолданыста немесе өтелген болуы мүмкін.

2.7. Ұтыс ойынына келесі қатысушылар қатыспайды:

- ұтыс ойынын өткізу және нәтижелерін жариялау күніне ұйымдастырушы алдында мерзімі өткен берешегі бар;
- ұтыс ойынын өткізген және нәтижелерін жариялаған күні Лайт Картасын жапқандар;
- ұйымдастырушының қызметкерлері мен өкілдері, олармен үлестес тұлғалар, олардың отбасы мүшелері, сондай-ақ ұтыс ойынын ұйымдастыруға және өткізуге қатысы бар қызметтерді көрсететін/жұмыстарды орындайтын басқа ұйымдардың қызметкерлері, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері.

2.8. Қатысушы жүлдені алу құқығын үшінші тұлғаларға бере алмайды.

3. Жеңімпазды анықтау тәртібі :

3.1. Ұтыс ойынын өткізу кестесінде көрсетілген Ұтыс ойынын өткізу және әр кезеңнің нәтижелері жарияланған күні Қатысушыға Конкурстың осы кезеңіне ғана қатысатын бір реттік нөмір жіберіледі.

3.2. Ұтыс ойындарын өткізу кестесінде көрсетілген алғашқы 9 кезеңнің жеңімпаздары @solva_app Instagram ресми аккаунтындағы тікелей эфирде www.random.org сайтындағы кездейсоқ сандар генераторының көмегімен қатысушылардың реттік нөмірлері бойынша анықталады.

3.3. Егер жеңімпаз болған Қатысушы Ұтыс ойынының ағымдағы және/немесе алдыңғы аралық кезеңдерінде жеңімпаз болса, келесі жеңімпазды анықтау жүргізіледі.

3.4. Ұтыс ойындарын өткізу кестесінде көрсетілген оныншы кезеңнің жеңімпазын айқындау механикасын Ұйымдастырушы 2024 жылғы 31 мамырдан кешіктірмей айқындайды және Ұйымдастырушының www.solva.kz ресми интернет-ресурсында және/немесе «Solva.kz» мобильді қосымшада және/немесе Instagram әлеуметтік желісіндегі Ұйымдастырушының @solva_app ресми аккаунтында қатысушылардың назарына жеткізеді.

4. Қатысушыларды хабардар ету тәртібі :

4.1. Жеңімпаздар тізімі Ұйымдастырушының www.solva.kz ресми интернет-ресурсында және/немесе Ұйымдастырушының Instagram әлеуметтік желісіндегі @solva_app ресми аккаунтында жарияланады.

4.2. Ақшалай жүлделерді ұтып алған жағдайда жеңімпаз Ұтыс ойыны өткізілген және жеңімпазды анықтаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде өзінің жүлдені алу ниеті туралы Ұйымдастырушыға хабарлауға міндетті. Ұйымдастырушымен +7 701 348 09 77 нөмірі бойынша байланыс орталығына қоңырау шалу арқылы байланысуға болады.

4.3. Ұйымдастырушы микрокредитті рәсімдеу кезінде Қатысушы ұсынған байланыс телефоны бойынша оныншы кезеңнің Ұтыс ойынының жеңімпазына қоңырау шалуды жеңімпаз жарияланған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде күн сайын әр қоңырау арасында кемінде 1 сағат аралықпен 5 қоңыраудан шалып жүзеге асырады.

4.4. Әңгімелесудің басында Ұйымдастырушы байланысты орнатады және Қатысушыны сәйкестендіреді. Деректер расталған жағдайда қатысушыға Ұтыс ойынының оныншы кезеңінің жеңімпазы болғандығы туралы ақпарат беріледі және ол Алматы қаласындағы Сейфуллин даңғылы, 502, Тұрар БО мекенжайы бойынша Ұйымдастырушыға 10 жұмыс күні ішінде (хабардар еткен күннен кейінгі) өзінің жеке басын куәландыратын құжатты (түпнұсқасын), өз қолымен жазылған микрокредит беру құпиясын, дербес деректерді ашуға және БАҚ-та ақпаратты орналастыруға келісім-өтінішті немесе Жұлдеден бас тарту туралы өтінішті ұсына отырып бару керек.

4.5. Егер клиент белгіленген мерзімде Ұйымдастырушының Алматы қаласындағы кеңсесіне келмесе, Ұйымдастырушы Ұтыс күні мен уақыты туралы қосымша хабарлайтын қосымша ұтыс қорытындысы бойынша басқа тұлғаға беріледі.

4.6. Егер қатысушы телефон қоңырауына жауап бермесе/өзінің байланыс деректерін дұрыс көрсетпесе/Ұйымдастырушыны хабардар етпестен байланыс деректерін өзгертуді жүзеге асырса/кез келген өзге себептер бойынша қолжетімсіз болса/ұтысты алудан бас тартса/микрокредит беру құпиясын, дербес деректерді ашуға және ақпаратты БАҚ-қа

орналастыруға, сондай-ақ Қатысушы қайтыс болған жағдайда өтініш-келісімге қол қоймаса Ұтыс ойыны өткізілген күні және жүлде берілгенге дейін Ұйымдастырушы қосымша Ұтыс ойынын өткізеді.

5. Бас жүлдені (автомобильді) алу тәртібі.

5.1. Автокөлікке меншік құқығын беру туралы құжаттарды рәсімдеу тек Алматы қаласында жүргізіледі. Егер Ұтыс ойынының жеңімпазы басқа қалада болса, жол жүру/тұру шығындарын Ұйымдастырушы төлейді.

5.2. Автокөлікті тіркеу Ұтыс ойынының оныншы кезеңінің жеңімпазы жеке тұлғаға жүргізіледі.

5.3. Автокөлікке меншік құқығын тіркеуге және автокөлікті алуға құжаттарды рәсімдеуге байланысты барлық шығындарды Ұйымдастырушы төлейді.

5.4. Ұйымдастырушы Ұтыс ойынына қатысушылар арасында ойналатын көлікті дербес анықтайды.

5.5. Ұйымдастырушы бас жүлдені жеңімпазға тапсыруды Ұтыс ойыны өткізілген күннен бастап 90 (тоқсан) күнтізбелік күн ішінде жүргізеді.

6. Ақшалай сыйлықтар алу тәртібі.

6.1. Алғашқы тоғыз кезеңде ойналған ақшалай сыйлықтарды алу кезеңі – 14 күн. Алу тәртібін айқындау үшін жеңімпаз Ұйымдастырушымен Шарттың 4.2-тармағында көрсетілген тәртіппен байланысуы тиіс.

6.2. Жеңімпаз ақшалай сыйлықтың оныншы кезеңін таңдаған жағдайда, жүлдені алу үшін оныншы кезеңнің жеңімпазы Шарттың 4.3-4.4-тармақтарында көрсетілген тәртіппен Ұйымдастырушымен алдын ала байланысып, Ұйымдастырушының кеңсесіне баруы тиіс.

7. Салық салу тәртібі.

Өткізілетін Конкурса байланысты барлық қажетті салықтарды төлеуді Ұйымдастырушы қамтамасыз етеді.

8. Ерекше шарттар

8.1. Шарттарды Ұйымдастырушының www.solva.kz ресми интернет-ресурсында және/немесе «Solva.kz» мобильді қосымшада және/немесе Instagram әлеуметтік желісіндегі Ұйымдастырушының @solva_app ресми аккаунтында Шарттардың жаңартылған редакциясын орналастыру арқылы Ұйымдастырушы біржақты тәртіппен өзгерте алады, соның ішінде, бірақ онымен шектелмей, Ұйымдастырушы акцияны өткізуді мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

8.2. Қатысушылар осы Шарттардағы барлық және кез келген өзгерістерді дербес бақылауға міндеттенеді, бұл ретте Акцияға қатысушылар Ұйымдастырушының осы Шарттарға қандай да бір өзгерістер енгізуіне байланысты қандай да бір өтемақы және/немесе залалды өтеуді талап етуге құқылы емес.

8.3. Ұйымдастырушы Ұйымдастырушының тарапынан ақылға қонымды бақылаудан тыс оқиғалар мен мән-жайлар үшін жауапты болмайды, сондай-ақ:

- қатысушыларды шарттармен таныстырмау;

- қатысушылардың өздері туралы дұрыс емес немесе толық емес мәліметтерді хабарлауы;
- қателер, қатысушыларды ескеретін бағдарламалық жасақтаманың бұзылуы, төлем операциялары мен тапсырыстар (егер қолданылса);
- қатысушылардың жүлделерді алу үшін қажетті іс-әрекеттерді орындамауы немесе уақтылы орындамауы.

8.4. Осы Шарттарды бұзу фактісі анықталған немесе алаяқтық сипаттағы кез келген әрекеттерді жүзеге асырған жағдайда Қатысушы акцияға қатысудан шығарылуы мүмкін және оған Жүлде беруден бас тартылуы мүмкін.

8.5. Ұйымдастырушының акцияны өткізудің барлық мәселелері бойынша шешімдері түпкілікті болып саналады және барлық қатысушыларға қолданылады.

8.6. Ұйымдастырушы Акция шарттарында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, Қатысушылармен жазбаша келіссөздерге не өзге де байланыстарға кірмеу құқығын өзіне қалдырады.

8.7. Жеңімпаз Жүлдені алу фактісімен Ұйымдастырушының жарнама мақсатында Жеңімпаздың атын пайдалану құқығымен, сондай-ақ Ұйымдастырушының жарнамалық роликтерге қатысу үшін Жеңімпазды тарту, өзінің жарнамалық мақсаттарында фото және бейне материалдарды пайдалану, Ұйымдастырушының www.solva.kz ресми интернет-ресурсында және/немесе «Solva.kz» мобильді қосымшасында және/немесе Instagram әлеуметтік желісіндегі Ұйымдастырушының @solva_app ресми аккаунтында ақпаратты орналастыру құқығымен келіседі.

8.8. Осы Қағидалар қазақ және орыс тілдерінде құрылды, мәтіндерде сәйкессіздіктер туындаған жағдайда орыс тіліндегі мәтін артық басымдыққа ие болады.

9. Дербес деректер мен ақпарат, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтер.

«Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қатысушы осы Қағидалардың шарттарымен келісе отырып, Ұйымдастырушының тек осы Қағидалардың мақсаттары үшін, сондай-ақ онда көрсетілген жағдайларда заңмен тыйым салынбаған кез келген тәсілмен Қатысушы, оның ЖСН және телефон нөмірі туралы дербес деректерді жинауды, өңдеуді, қол жеткізуді, сақтауды, алуды және таратуды, трансшекаралық беруді жүзеге асыруымен келіседі.

Қағидалардың шарттарымен келісе отырып, Қатысушы, соның ішінде Ұйымдастырушы қатысушы туралы, микрокредит туралы заңмен қорғалатын құпияны құрайтын, осы Қағидалардың шарттарын орындау нәтижесінде Ұйымдастырушыға белгілі болған ақпаратты тек осы Қағидаларды орындау мақсаттары үшін ғана немесе осы Қағидаларда көзделген жағдайларда не Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген жағдайларда, мұндай ақпаратты беру ұйымдастырушы үшін міндетті болып табылатын жағдайларда үшінші тұлғаларға ұсынуы мүмкін екендігімен келіседі.

Жеңімпаз атанған Акцияға Қатысушылар Әлеуметтік желідегі бейін бетінде көрсетілген пайдаланушы атын жеңімпаздар тізіміне енгізуге және осындай ақпаратты Ұйымдастырушының www.solva.kz ресми интернет-ресурсында және/немесе мобильді «Solva.kz» қосымшасында және/немесе Instagram әлеуметтік желісіндегі Ұйымдастырушының @solva_app ресми аккаунтында жариялауға келіседі.